

5 Майтанов Б. Тәуелсіздік – күрес мұраты: зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Құс жолы, 2012. – 490 б.

ӘӨЖ 811.512.122'1

Жолшаева М.С¹, Қамза Ж.Б²

¹ *ф.ғ.д., доцент, С.Демирель атындағы Университет, Қаскелең, Қазақстан*
e-mail: maira.zholshayeva@sdu.edu.kz

² *оқытушы, AKSU білім беру орталығы, Шымкент, Қазақстан*
e-mail: zheka_94-94@mail.ru

ЖАҢАЛЫҚТАР МӘТІНДЕРІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ГЕНДЕРЛІК АСПЕКТІДЕ

Abstract. Nowadays most of the newspaper publications and radio-television programs are informational materials. Information genre have difference from others with faster and briefing materials. It also about the reporting genre. In the report correspondent by the being in the event will try to give the information without any correction. In this kind of genre we can see the point of the correspondent, emotion and the mood. Every of them have linguistic differences. Our purpose is to define the differences between male and female linguistic differences in the texts of the news. In that aim the main object was news of the several national TV channel.

Key words: genes, grammar and vocabulary, pragmatics, report, the text of news.

Қазір жаһан жаңалығынан, әлем тұрмысынан дер кезінде хабар алып, әлеммен бірге әрекет етуге өзіндік ықпалын тигізіп отырған БАҚ-тың әлеуметтік мәні жоғары. Технология дамыған сайын БАҚ өнімдерін қолдану қоғам үшін қолайлы болып келеді. Әр адам аз уақыттың ішінде, қандай жерде болмасын өзіне қажетті ақпаратты оңай әрі тез игеруіне мүмкіндігі бар.

Профессор Н.Уәлидің: «Адамзат өмір ағынынан қалыс қалмаудың барлық амалын істеуде. Сол үшін де үнемі дамылсыз ізденіп, білім алуға, соңғы жаһан жаңалықтарын игеруге ұмтылады. Адамзат осынау қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін ең алдымен бұқаралық ақпарат құралдарына жүгінері сөзсіз. Ал олардың талап-тілегіне сай болу – БАҚ-тың міндеті. Осы жерден таңба аралық қарым-қатынас орын алады» [1] деген пайымдауында бұқаралық ақпарат құралдарының маңыздылығы көрсетіліп қана қоймай, АДАМ мен БАҚ арасындағы таңба аралық қарым-қатынас та аталып өтеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында прагматиканың мәні ерекше болып табылады.

Жыныстың адамның сөйлеу тіліне әсер ететіні рас. Ер мен әйел адамдардың сөйлеу тіліндегі ерекшеліктерге орай тіл білімінде *феминдік*, *маскулиндік* деген терминдер қалыптасты. Маскулиндік – еркек жынысына қатысты қалыптасқан мінездемелер немесе қоғамда еркектік деп танылған белгілер, феминдік – әйел жынысына қатысты мінездемелер, қоғамда әйелден күтілетін белгілер болып табылады [2].

Е.А.Земская, Н.Н.Розанова және М.А. Китайгородская сынды ғалымдар Мәскеу зиялыларының отбасына тәжірибе жүргізіп, нәтижесінде «Особенности мужской и женской речи» атты еңбегінде мынадай феминдік және маскулиндік ерекшеліктерді көрсеткен:

- ер адамдар бір әңгімеден екіншісіне ауысуда енжарлық танытып, өзіне қатыссыз әңгімеге араласпайды, ал әйел адам әңгіме тақырыбын жиі ауыстырады;

әйелдер жеке тәжірибесіне сүйенеді, тілдесім кезінде қоршаған ортада орын алған нақты жағдайлардан мысал келтіреді;


- ер адамдар терминді қолдануға бейім келеді, зат атауларын нақты атауға тырысады. Олар, көбіне, жұмыс мәселесін талқылайды және олардың сөйлеу тілінен дәрекілікке деген талпыныс байқалады;

- ерлер тілінде де, әйел тілінде де эксперссивтік сөздер қатары мол. Әйелдер одағайларды жиі қолданады. Стилистикалық жақтан қарайтын болсақ, әйелдерде әсірелеу басым болса, ерлерде қарсылық білдіру байқалады;


- ер мен әйелдің ассоциативтік өрісі әлем бейнесінің түрлі фрагменттерімен байланыстырылады: спорт, аңшылық, әскери сала (ер адамға қатысты), табиғат, жан-жануар, қоршаған орта (әйел адамдарға байланысты);

- әйелдер үрдісті қарқындатуға оң көзқарас танытса, ер адамдар құптай қоймайды [3]. Ғалымдар жүргізген гендерлік зерттеу нәтижелерінен байқағанымыз, ер мен әйел сөйленісіндегі ерекшеліктерде биологиялық фактордың ықпалы байқалады. Бұл ерлер мен әйелдер тіліндегі жалпы ерекшеліктер болса, біз мақалада нақты жаңалықтар мәтіндегі маскулиндік және феминистік қолданыстардағы ерекшеліктерді қараастырып көреміз.

Жаңалықтар мәтіндерін талдау барысында ер адамдар мен әйел адамдардың ақпаратты жедел әрі тікелей эфирде жеткізу барысында морфологиялық тұлғаларды қолдануынан мынандай ерекшеліктер байқалды: ер тілшілердің атау және табыс септіктерін, әйел адамдардың атау және барыс септіктерін қолдануға бейім келуі. Бұл, табыс септік нысанға бағытталатынына орай, нені? кімді? сауалдарына жауап іздейтін ер тілшілердің нақтылығын көрсетсе, барыс септікті қолдана отырып, кімге? неге? қайда? не мақсатпен? сауалдарына уде сипаттама жасауға әйел тілшілердің бейім келетіндігін көрсетті. Телеарналардан берілген жаңалықтар мәтіндерін талдап, нәтижесінде мынадай статикалық мәліметтерді байқадық. Оны мына сызбадан көруге болады.



Сызба 1. Әйел тілшілердің тілдік қолданысындағы септік жалғауларының үлесі



Сызба 2. Ер тілшілердің тілдік қолданысындағы септік жалғауларының үлесі

Тілдің басты қызметі коммуникативтік қызмет болса, оны іске асыратын басты тілдік бірлік – сөйлем. Адам өз ойын, қандай да хабарды, көңіл-күйін басқаларға сөйлем арқылы білдіреді басқаның ойын сөйлем арқылы біледі. Сөйлем – ойды жарыққа шығарушы көрсеткіш. Репортаж мәтіндерінен байқағанымыз, ер мен әйел тілшілерде құрылымдық тұрғыдан толымды/толымсыз, жақты/жақсыз, жалаң/жайылма, атаулы сөйлемдерді қолдануы жағынан бір деңгейде болып келеді. Ал гендерлік тұрғыдан ерекшелік олардың құрмалас сөйлемдерді қолдануынан көрінеді. Құрмалас сөйлемдер құрылымдық жағынан кемінде екі жай сөйлемнен тұрып, күрделі ойды білдіруге қызмет етеді. Жаңалық мәтіндерін құрайтын синтаксистік бірліктер, оның ішінде құрмалас сөйлемдердің ішінде ер тілшілер көбіне:

- *қимыл-сын сабақтас құрмалас сөйлемдерді* қолданады. Мысалы: Есіл қазірдің өзінде бірнеше жерден тасып, ойпан жерлерді басып қалды («Қазақстан» телеарнасы, Солтүстік Қазақстан облысында су тасқынының қауіпі әлі сейілмеді, Сағындық Сәбитұлы, 9-04-2016, 19:30); Яғни арнайы мамандар бала асырап алуға ниетті ата-аналарға ақыл-кеңес айтып, отбасындағы кикілжіңдерді шешуге көмектеспекші («Ктк» телеарнасы, Алматыда бала асырап алғысы келетіндерге кеңес беретін орталық ашылмақ, Диас Нұрақын, 30.05.2016);

- *себеп-салдар сабақтас құрмалас сөйлемдерді*, мысалы: Өйткені су сіңіп қалғандықтан, көгерген иіс пен ылғалдан ауырып қалады ма деп қорқатындарын айтады (31-арна, Солтүстікте тасқын судың ортасында қалып қойған ауыл табылды, Руслан Құсайынов, 29.04.16, 20:50);


- *қарсылықты сабақтас құрмалас сөйлемдерді*, мысалы: Еріген қар суы бір аптадан астам уақыт өтсе де, тұрғындарды әбігерге салып отыр («Хабар» телеарнасы, СҚО-да 74 жол аумағына су жайылды, Сағындық Сәбитұлы, 11 сәуір, 2016 жыл, 21:18); Содан қорыққан жергілікті атқарушы билік өкілдері осы маңайдағы ауылдың тұрғындарын қауіпсіз жерге көшіру туралы шешім қабылдаған еді, бірақ абырой болғанда өзен арнасынан асып тасыған жоқ («Қазақстан» телеарнасы, Солтүстік Қазақстан облысында екі ауылды су басу қауіпі сейілді, Сағындық Сәбитұлы, 7-04-2016, 09:30);

- *мезгіл сабақтас құрмалас сөйлемдерді*, мысалы: Сөйтіп, кешке қайтуға жиналып жатқанда, қолды-аяққа тұрмай зыр жүгіріп жүрген кішкентай қыздарынан көз жазып қалады («Ктк» телеарнасы, Ақмола облысында жұмбақ жағдайда жоғалған кішкентай қызды табуға тасқын кедергі келтіріп жатыр, Досжан Маратұлы, 12.05.2016); Сот шешімі күшіне енген соң, Маржан жындыханадан босамақ (31-арна, Шымкентте өмір бойы


жындыханаға жабылған Маржан Тұрлыбаева бостандыққа шығатын болды, Ерлан Жүнісбай, 13.05.16, 20:45);

- *ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді*, мысалы: Тілсіз жау түнде тұтанған, бес сағат дегенде әрең ауыздықталды («Хабар» телеарнасы, Бақтияр Хамит, Павлодардағы мұнай-химия зауытынан шыққан өрттен 2 адам көз жұмды, 05 қаңтар, 2016 жыл, 09:16); Жыл сайын табаны ғана көрініп жататын мына аңғар биыл лық толған, мына бөгеттің құлаған екпіні де сұрапыл деп айтуға болады («Қазақстан» телеарнасы, Солтүстік Қазақстан облысында су тасқынының қауіпі әлі сейілмеді, Сағындық Сәбитұлы, 9-04-2016, 19:30);

- *аралас құрмалас сөйлемдерді*, мысалы: Ойманың мына жағындағы судың беті сәл ғана шамырқанып жатқанымен, мына бөгеттің үстімен дүлей күшімен сай қуалап, аға жөнеліп кеше оның екпіні бүгінгіден бірнеше есе қатты болатын («Қазақстан» телеарнасы, Солтүстік Қазақстан облысында екі ауылды су басу қаупі сейілді, Сағындық Сәбитұлы, 7-04-2016, 09:30).



Сызба 3. Ер тілшілер репортаж мәтіндеріндегі құрмалас сөйлемдердің көрінісі



Сызба 4. Әйел тілшілер репортаждарындағы құрмалас сөйлемдердің көрінісі.

Әйел тілшілердің мәтіндерінде кездесетін құрмалас сөйлемдердің түрлері:

- *қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер*, мысалы: Гүрілдеп келген судың даусынан оянып, таңнан бері төтеншеліктермен бірге көшеде жүрген ел әбден әбігерге түсті (31-арна, Алматыда екі бірдей өзен арнасынан асып, бірнеше ауданды су басты, 03.05.16, 20:59); Қаншама телімнің тауарға айналатынын естігелі еліміздің әр аумағында қазақ жерін сатуға қарсы ниеттерін білдірген топтар құрылып, бейбіт митингке рұқсат сұрап, әзірленген азаматтардың саны күрт көбейе бастады (31-арна, Сөздің шыны керек: «Жер саудасы», Ирина Советжанқызы, 21.04.16, 20:36);

- *себеп-салдар сабақтас құрмалас сөйлемдер*, мысалы: Үздіксіз жауған жаңбырдан соң, бұл өзеннің төмен жағында орналасқан үй тұрғындары да зардап шекті (31-арна, Селдің сергелдеңі, Ирина Советжанқызы, 05.05.16, 20:49); Қаламен байланыс

үзілгендіктен, азық-түлік те таусылыпты («Ктк» телеарнасы, СҚО-дағы топан су жолдарды шайып ауылдармен қатынас үзілді, Айзат Тұрғынбекқызы, 05.04.2016, 08:30);

- *мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер*, мысалы: Алайда бүгін ол өзіне айыптау актісінің көшірмесі қолына берілмегенін айтқан соң, сот кейінге шегерілді (31-арна, Алматы облысында алты адамның өмірін қиған көлік апатына байланысты сот ісі басталды, Самал Қабышева, 13.05.16, 20:44);

- *қарсылықты сабақтас құрмалас сөйлемдер*, мысалы: Су бұзылған жолдан сыртқа ағып жатқанымен, екінші беттегі егістіктерден ауылдарға қайта құйылуда («Ктк» телеарнасы, СҚО-дағы топан су жолдарды шайып ауылдармен қатынас үзілді, Айзат Тұрғынбекқызы, 05.04.2016, 08:30);

- *шарт бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер*, мысалы: Өйткені, жер саудаға түссе, алыпсатарлардың көбейіп кетуі мүмкін («Ктк» телеарнасы, Үлкен дау тудырған жер кодексі қайта қаралуы мүмкін бе? Жәудір Оразхан, 29.04.2016); Егер заң жүзінде іс дұрыс қаралмаса, жоғарғы сотқа дейін шағымданамыз деп бекініп отыр (31-арна, Алматы облысында алты адамның өмірін қиған көлік апатына байланысты сот ісі басталды, Самал Қабышева, 13.05.16, 20:44);

- *ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдер*, мысалы: Заң баптары уақытша тоқтатылды, ал бастаманың шетін шығарып шешімін таппағандар жұмыстан қуылды (31-арна, Қоғамдық үлкен резонанс тудырған жер мәселесіне Нұрсұлтан Назарбаев тағы араласты, Әлия Әшім, 05.05.16, 20:53);

- *аралас құрмалас сөйлемдер*, мысалы: Тұрғын бұл жағдайға қатысты ешкімге кінә артпайтынын айтады, бірақ бірнеше жылдан бері Есентай өзенінің жағалауы өзгеріске ұшырап, үйімізге қарай жылжып келеді дейді (31-арна, Селдің сергелдеңі, Ирина Советжанқызы, 05.05.16, 20:49).

Сонымен, талдау және тілдік статикалық мәліметтерді салыстыру нәтижесінде ер тілшілер қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерді, ал әйел тілшілер қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерді көп қолданатыны айқындалды. Бұл мына себептермен байланысты болса керек: ер адамдар, көбіне, фактілеге сүйенеді, нақтылыққа басымдық береді. Ал әйел адамдар болса, болған оқиғаны бейнелі де көркем түрде жеткізуге, сипаттап көрсетуге мән береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері, Алматы, 2007.

2 Воронина О.А. Теоритико – методологические основы гендерных исследований// Теория и методология гендерных исследований: курс лекций/ Под. общ. ред. О. А. Ворониной. – М.: МГЦИ – МВМСЭН – МФФ, 2001.

3 Земская Е.А. , Китайгородская М.А., Розанова Н.Н. Особенности мужской и женской речи // Русский язык и его функционировании / Под. ред. Е.А. Земской и Д.Н. Шмелева. – М., 1993.

4 Алифренко Н.Ф. Современные проблемы науки о языке.- М., 2005. – 412 с.

5 Шоқым Г. Гендерлік лингвистика негіздері. – Алматы: Экономика, 2012. – 190 б.